



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

построенное предложение, грамотный человек логически быстро устранил все неполадки. Самое главное он дает «общую картину» перевода. Для учащихся это еще одна доступная возможность для постижения всех тонкостей языка быстрее. Так как наше время английский язык довольно распространенный язык, уже многие люди не нуждаются в переводе, что несомненно радует. Однако дети и люди начинающие процесс познания языка, изучение с помощью онлайн переводчиков- это первая ступень для постижения всех тонкостей не только английского но и множество других языков. таким образом не смотря на какие- либо минусы, онлайн переводчики набирают обороты в актуальности и несет развитие при правильном использовании, исключая все вышесказанные слабости натуры человека.

Список использованных источников:

1. Занина Е.Л. ЕГЭ. Английский язык. Устные темы/Е.Л. Занина. – М.: Айрис-пресс, 2010. – 272 с.
2. Компьютерный перевод. URL:<http://irinavezner.ru/>
3. Кравченко А. Обзор программных словарей и переводчиков. URL:<http://xreferat.ru/33/7396-1-obzor-programmnyh-slovarey-i-perevodchikov.html>
4. <http://google.ru>
5. <http://yandex.ru>

ӘОЖ 81'367.627(091)

САНДАР ТАРИХЫ

Ускембаева М.Т.

m.tolegenkyzy705@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Кадрина Б.Ш.

Менің “Сан есімдер тарихы” атты мақаламда сан есімдердің тарихын зерделеп, жан-жақты қарастырдым. Бұл дегеніміз: Араб цифрларының тарихы және де жазылуы, түркі тіліндегі сан есімдердің сипаты жайлы және де қасиетті сандар шығу-тегі. Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі сан есімнің сипатын көрсетуде көне жазбалар тіліндегі сан есімнің көрінісі сараланып, аталған мұралардағы сандық ұғымды білдіретін сөздерге анықтама берілді. Сонымен қатар, әр халықтың өзіне тән қасиетті деп санайтын сандары бар. Бұл сандар жайлы толығырақ тоқталсақ.

Түйін сөздер: араб сандары, цифрлары, жазылуы, үнді цифрлары, киелі сандар.

Барлық тілдер бір негізден тарағанымен, қазіргі өмір сүріп отырған туыстас тілдерде фонетикалық-лексикалық, грамматикалық тұрғыда өзгешеліктері мен айырмашылықтары орын алатыны сөзсіз. Себебі әр тілдің даму, қалыптасуында ерекшелік кездеседі және ол сол тілдің заңдылығына қатысты болуы мүмкін. Бұл мәселелер тарихи-салыстырмалы зерттеулерге негіз болады.

Мысал ретінде айтсақ: түркі тілдерінің барлығында да сан есімдер заттың немесе заттық ұғымды білдіретін сөздердің санын, ретін, мөлшерін білдіру үшін қолданылады. Сан есімдер өзінің лексика-грамматикалық функциясы бойынша түркі тілдерінде шығу-тегі, тарихы бойынша бәріне де ортақ болып келеді. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі сан есімдердің қолданылуын қазіргі түркі тілдермен салыстыратын болсақ, жалпы тектестік сақталғандығы байқалады.

Араб цифрларының жазылуы.

Араб цифрларының жазылуы үш жолақ бөлшегінен құралған, бұл жолақтардың жиылысынан болған бұрыштардың саны олардың мөлшеріне сәйкес келген.

Ежелгі Араб математиктердің бірінсандық мәнді бұрыштармен байланыстыру жайлы

идеясын ұсынды - Енді араб цифрларына қарайық.

0 – саны ешбір бұрышы жоқ.

1 – саны бір бұрышы бар сан.

2 – саны екі бұрышы бар сан.

3 – үш бұрышы бар сан. (дұрыс санның бірі, бұл санды хаттар толтыру кезінде қолданылады.)

4 - саны төрт бұрышы бар сан.

5 - саны бес бұрышы бар сан. (төрт санының аяқ жағындағы құйрығы 4-ші деген мағынаны береді, бес санында да соңғы бұрыш соны білдіреді)

6 – алты тік бұрышты құрайды.

7 – жеті бұрыштан құралған.

8 - сегіз тік бұрышты құрайды.

9 – тоғыз бұрышты құрайды.

Уақыт өте келе бұрыштар ретке келді. осы сандар арқылы көптеген мәліметті жеткізуге болады. Жалпы айтқанда, “цифр” сөзі араб тілінен пайда болды. Араб математиктері өзінің тілдеріне мағынасы жағынан «сунья» деп аударады. Кейін «сунья» сөзінің орнына «сифр» немесе «цифр» сөзін қолданылды.

Сандар Тарихы

Бірліктерді білдіретін сан есімдер, ежелгі лексикалық фондқа жатады. Сандар өзінің санау функциясынан басқа символикалық, ритуалдық мағынаға және де қосымша тағы басқа қасиеттерге ие.

Еуропалықтарда біз білетіндей араб санау жүйесі қолданылады, ол дегеніміз ондық санау жүйесі. 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9; Ал енді тарихнамаға үңілсек.

Араб цифрлары V ғасырда Үндістанда пайда болды. Сонымен қатар нөл (шунья) саны формализацияланды және ашылды.

Араб және үнді-араб цифрлары тарихы үнді цифрларының өзгеруінен пайда болды. Үнді цифрлары араб хатында кең қолданылады.

Ғалым Абу Джафар Мухаммад ибн Муса Аль-Хорезми үнді санау жүйесін өзінің еңбектерінде қолданды. Автор өзінің атақты жұмысында «Китаб аль-джебр ва-ль-мукабала», осыдан алгебра терминін қолданған.. Аль-Хорезми «Үнділік санау жүйесінде» ондық жүйесін толықтай зерттеген. Еуропада, соның ішінде 900 жылы Испанияда ондық жүйесі маврлар арқылы тараған.

Араб сандары оныншы ғасырда Христиандық Барселона (Барселона графтығы) мен мұсылмандық Кордова (Кордова халифаты) еуропалықтарға танымал болды.

Сильвестр II (Рим папасы болған 999-1003жылдары) ең алғашқы болып араб цифрларымен танысып, Рим цифрларынан гөрі араб цифрларының тиімді екенін біліп бұны пропагандалады.

Араб цифрлары Африкалық араб елдерінде қолданылуы (Мысрдан басқа)	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Араб цифрларының Азия мен Африка елдерінде қолданылуы	.	١	٢	٣	٤	٥	٦	٧	٨	٩
Парсы цифрлары	۰	۱	۲	۳	۴	۵	۶	۷	۸	۹
Үнді сандары	०	१	२	३	४	५	६	७	८	९
Гуджарати хатындағы цифрлар	૦	૧	૨	૩	૪	૫	૬	૭	૮	૯
гурмукхидегі сандар	੦	੧	੨	੩	੪	੫	੬	੭	੮	੯

Бенгал хатындағы сандар	০	১	২	৩	৪	৫	৬	৭	৮	৯
ория хатындағы сандар	0	୧	୨	୩	୪	୫	୬	୭	୮	୯
телугу хатындағы сандар	౦	౧	౨	౩	౪	౫	౬	౭	౮	౯
каннада хатындағы сандар	೦	೧	೨	೩	೪	೫	೬	೭	೮	೯
малаялам хатындағы сандар	೦	೧	೨	೩	೪	೫	೬	೭	೮	೯
Тамиль хатындағы сандар	௦	௧	௨	௩	௪	௫	௬	௭	௮	௯
Тибет хатындағы сандар	༠	༡	༢	༣	༤	༥	༦	༧	༨	༩
бирман тіліндегі сандар	၀	၁	၂	၃	၄	၅	၆	၇	၈	၉
тайлықтар хатындағы сандар	๐	๑	๒	๓	๔	๕	๖	๗	๘	๙
Кхмер тіліндегі сандар	០	១	២	៣	៤	៥	៦	៧	៨	៩
Лаос хатындағы сандар	໐	໑	໒	໓	໔	໕	໖	໗	໘	໙
Қытай иероглифтері,сандары	零	一	二	三	四	五	六	七	八	九

Ондық санау (1 ден 1 000 000) біздің эрамызға дейінгі 3000 мыңжылдықтың екінші жартысында Ежелгі Мысырда пайда болды.

Өзге өркениетте, вавилондық алпыстық жүйесі –біздің эрамызға дейін екі мың жылдықта пайда болды. Бұл алпыстық жүйесі ондық санау жүйесінен құралған.

Көптеген түркі тілдерінің грамматикаларында семантика-морфологиялық принциптеріне қарай сан есімдерді түрліше бөледі. Қазақ, қарақалпақ, ұйғыр тілдерінде сан есімдер алты, өзбек тілінде жеті, түрікмен тілінде екі түрге бөлінеді. Сол сияқты гагауз тілінде үш, қарайым тілінде төрт, татар тілінде беске бөлінеді. Сан есімдердің есептік сан мен реттік сан түрлері барлық түркі тілдерінде мағынасы мен атқаратын қызметі және жасалу тәсілдері бойынша бірдей. Ал басқа түрлері бірінде аталса да, екіншісінде аталмайды, оның үстіне жасалу тәсілдері де біраз өзгеріске ұшырағандығы сезіледі.

Ежелгі түріктердің сандарды топонимикалық,яғни жер-су атауларында қолдануы кездейсоқ емес. Мысал ретінде Орхон-Енисей текстерінде зерттеушілердің пікірі бойынша төрт саны мағынасында мәдени-әмбебаптылықты білдіріп, тура мағынада емес, уақытша кеңестіктік мағынада қолданылады. Наханова Л.А диссертациялық жұмысында топонимикалық атаулардың сандардың қолданылуы жайлы жазған болатын. Айта кететін болсақ:

Üç Birkü топонимі Üç компонентінен тұрады. Бұл өзара семантикалық түрде мағыналасады.

1. Үш барлық түрік тілдерінде
2. Бес қырғыз тілінде орда ойынында
3. Чуват тілінде үш мәрте мағынасында
4. Шағатай тілінде қандас туысқандарда.

Ал енді әр елдің қасиетті әрі мистикалық сандары бар. Атап айтқанда:

Сандар туралы көптеген әңгімелер бала кезінен құлағымызға сіңіп,тіпті аңызға айналып қалған.Соның бірі 13 саны жайлы әңгіме қозғағым келеді.

Көп уақыт 13саны сәтсіз сан есептелген.Мұнымен кейбіреулері келіседі. Олар шын мәнінде 13 санын өте сәтті сан деп санайды. 13 саны туралы ақпараттар жинағы:

Трискайдекафобия (Triskaidekaphobia) - 13 саны алдындағы қорқыныш.

Трискайдекафобия грек сөздерінен құралған.

Трис («үш» мағынада), кай («және» мағынасында)

Дека («он» санын береді) және фобия («қорқыныш»)

Траскаведекатрияфобия - 13 санының жұма күнге түсуінен қорқыныш.

13 санының жұма күнге түсуі ай жексенбі күні басталса орындалады. 13 санын сәтті сан санайтындардың трискайдекафилия деп аталды.

Үстел айнала отырған 13 адам. Батыстық мәдениетте бір үстелге айнала отырған 13 адамдың ісі жүрмейді деседі. Бұған құпия кеште Иисустың 12 шәкіртінің бірі Иуда Искариоттің оны сатып кетуі себеп болуы мүмкін.

13 санына байланысты тағы бірнеше мысал келтіруге болады.

Англияда Лондон қаласында Савой қонақүйінде егер сіз 13 үстел дайындауға тапсырыс берсеңіз, сіз 14 адамға дайындалғанын көресіз. 14- орынға каспер атты қара мысықтың мүсіні қойылып, басқа қонақтар секілді оған да қонақ үй қызметтері жасалынды. Каспер 1920 жылдан осы қонақүйде тұрып келген. Сэр Уинстон Черчилль оны ерекше жақсы көрген.

13 саны және ацтектер

Ацтектер 13 саны қасиетті санайды. Олар уақыт өлшемінде 13 санын қолданған. Ацтектерде 1 апта 13 күнге созылған.

Ацтектерде жыл 260 күнге созылған және 20 аптадан тұрды. 13-күн тресена деп аталды.

Ацтек мифологиясында Гласолтеотль Құдай Ана тресенаны басқарды. Ол күнәхарлар Құдайы саналды және күнә жасағандарды кешірді. Ол үшін тазартатын булы машинаға түсу керек болатын.

Торода 13 өлім картасының реттік саны. Өлім - ескі заттан құтылып, жаңа затқа орын босату. Карта алдыға, жаңа нәрсеге жылжу қабілетінен айырады.

13 саны және Колгейт университеті Нью-Йорк штаты, Мэдисон кентіндегі Колгейт университетінде 13 саны жақсы белгілерді көрсетеді. Университет адамның басқаруымен 13 долларға, 13 дұға көмегімен қаланған.

Университет сабын- жасаушы, Colgate –Palmolive негізін қалаушы Уильям Колгейттің құрметіне аталды.

Мэри Кэй.

Іскер әйел Mary Kay 13 санын сәтті сан деп сенген. Оның компаниясы 1963 жылы 13 қыркүйекте жұма күні құрылды.

Mary Kay штаб- пәтері 13 қабаттан және 13 жолаушы лифтен тұрады.

Қазақта керісінше, 13 - те отау иесі деп, бұл жасқа келген

адамға жауапкершілік жүктеп, құрметпен қарайды.

13 жылда мүшел жас келіп отырады.

13 санын жек көру қайдан шықты? 13 - ке үрке қарауға

12 кінәлі, өйткені ежелгі вавилондықтар, римдіктер, қытайлықтар көп нәрсені 12 санымен белгілеп келген. Бір жылды 12 айға бөлсе, бір тәулікті екі 12 сағатқа бөлген, одан әрі қарай қандай сан бары, оларға белгісіз еді.

Белгісіздік барлық уақытта да қорқынышты. Сондықтан таныс 12 - нің артынан пайда болған 13 - ке жек көрінішпен қараудың бір себебі де осында. Италияда 13 нөмерлі лотерея жоқ. Францияда 13 нөмерлі пәтер жоқ. Ал Женевада ұшақта 13 орын жоқ.

Енді 5-санының қасиеті. Бес - тепе-теңдік саны.

Бес саны адамның денсаулығын және махаббат болып табылады. Ол екінші ер бірқатар үш біріктіреді. Бес - неке саны. Пифагордіктер аспан мен жер арасында «іерос Гамос» неке.

Олимпиадалық сақиналар саны бесеу. Бұл бес континетті білдіреді. Олар:

Көк сақина-Европа

Сары сақина-Азия

Черное кольцо- Африка

Жасыл сақина-Океания

Қызыл сақина-Америка

Coco Chanel- қасиетті саны 5. Атақты және де табысты иіс сулардың бірі

Chanel No 5, 1922 жылы 5 мамырда шығарылды.

«Мен әрдайым өзімнің коллекциямды 5-ші айдың 5-ші күнінде шығарамын. Сол себепті иіс суларымды 5 саны маған сәттілік әкеледі» - Коко Шанель.

Hamsa қолы –Таяу Шығыста тараған тұмар. Мұсылмандар мен еврейлердің қолданатын тұмарары. Тұмарлар жамандық көзге түсетін сиқырлы қорғау ретінде пайдаланылады. Khamsa бес білдіреді. Тұмарда кішкене саусақ болмайды, осының орнына екі теңдестірілген бармақтары бар.

Еврейлер көбінесе «Мәриям Қол» деп атайды. Мәриям Мұса мен Аронның қарындасы. Ол сондай-ақ Тора 5 кітап болуы мүмкін

Мұсылмандар жиі оған қараңыз «Фатима қолы». Фатима профессор Мұхаммед қызы болатын. Ол сондай-ақ исламның 5 тірегін көрсетеді.

Бес саны – ерлік пен сайма – сайлықтың да көрінісі.

Мысалы; «бес қару, бес сайыс, бес аспан, бес саусақтың саласындай т.с.с.)

Бес санының исламдық ғұрыптағы мәні мынадан көрінеді. Мұсылман бес уақыт намазын қаза жібермеуге тиісті. Мұсылмандықтың да міндеті бесеу: иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, қажылыққа бару, қайыр-садақа бері. Мұның бәрі тән менжан саулығын арттыру.

Біз сандар жайлы қызықты әрі ұғынымды мәліметтермен таныстық. Әр түрлі сандық жазбалардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарымен таныстық. Тарихқы үңілдік. Сандардың жазуының пайда болуын және де даму тарихын қарастырдық. Осыдан сандардың адам өміріндегі маңызын ұғындық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. J. J. O'Connor, E. F. Robertson. Arabic numerals. MacTutor History of Mathematics archive. School of Mathematics and Statistics, University of St Andrews, Scotland.
2. Florian Cajori. A history of mathematical notations. — 1993. — P. 50. — 385 p.
3. <http://mysticalnumbers.com/>

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЕН АРАБ ТІЛІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

Шөптібай Айя Абылайқызы

aya.shoptibay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Халықаралық қатынастар факультетінің, шығыстану кафедрасының І-ші курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кулахметова Жанна Ташевна

Ағылшын тілі – үндіеуропа тілдерінің батыс герман тілдер қатарына жатады. Алайда, оның мәртебесі басқа тілдерге қарағанда жоғары тұр. Ағылшын тілі әлемнің барлық ұлтын, нәсілін байланыстыратын тіл. Бүгінде көптеген мемлекеттер ағылшын тілін ұлттық тіл ретінде мойындаған. Нақты айтар болсақ, қазіргі таңда қырықтан астам мемлекет халықтары ағылшын тілінде сөйлейді. Мысалы, Америка Құрама Штаттары, Канада, Жаңа Зеландия, Ұлыбритания, Австралия елдерінің халықтары ағылшын тілін күнделікті өмірде қолданады.

Тіпті кейбір Азия мен Африка елдерінде де ағылшын тілін мемлекеттік тіл деп мойындап отыр. Дүниежүзілік деңгейде өтетін кез келген жиындар, спорт жарыстары, кездесулер, халықаралық сауда ағылшын тілінде жүргізіледі. Халықаралық декларациялар мен келісімшарттар құжаттары аталмыш тілде жазылады. Айта кетер жәйт, әлемнің Жапония, Корея сынды алпауыт елдері ағылшын тілін күнделікті қолданбаса да, өз елдеріне келген саяхатшыларға міндетті түрде ағылшын тілінде көмек көрсетуге тырысады. Көптеген әлемдік деңгейдегі жазушылар өз туындыларын ағылшын тілінде шығарады. Мысалға айтар болсақ, көптің көңілінен шыққан Артур Конан Дойлдың «Шерлок Холмс» кітабы. Сонымен